



## **Т. ЕСЕТОВ АТЫНДАҒЫ № 264 МЕКТЕП- ЛИЦЕЙ ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ОРТАЛЫҒЫ І ТОҚСАНДЫҚ ЕСЕБІ**

2024- 2025 оқу жылында Тәкей Есетов атындағы № 264 мектеп-лицей жанындағы қосымша білім беру орталығына қыркүйек айында 271 оқушы үйірмеге қабылданса, қазіргі таңда 300 оқушы білім алуда. Орталықта көркемөнерлік-эстетикалық (домбыра, хор, би), қолданбалы өнер (сурет), спорттық (күрес) - үш бағытта бес үйірме өз жұмыстарын жүргізуде. Әр үйірмеде IV топ, домбырада - 60, хорда – 60, биде – 60, суретте – 60, күресте – 60 оқушы қамтылған.

Үйірме мүшелері білімдері мен өнерлерін шыңдай отырып, мектепішілік, қалалық, облыстық іс-шараларға, қалалық, облыстық, онлайн республикалық байқауларға қатысып, жүлделі орындарды иеленді және мектеп-лицей Facebook парақшасы, қосымша білім беру орталығының Instagram желілері арқылы жарияланды.

2024 жылдың 29 тамыз күні меңгеруші жанындағы кеңес өткізілді. Кеңесте үйірме жетекшілерінің 2024- 2025 оқу жылында атқарылатын оқу-тәрбие жұмысына бағыт- бағдар беріліп, күнтізбелік оқу жоспарлары, сабақ кестелері құрылып, бекітілді. Сыныптарды дайындау және ағымдағы мәселелер қаралып, толықтырылды.

1-қыркүйек күні білім күніне арналған «Мектеп – мейірім мекені!» мерекелік шарасы, 5-қыркүйек күні азаматтық-патриоттық бағытта «Тілім менің ғасырларға аманат» тақырыбында тілдер мерекесіне орай қосымша білім беру орталығы және қазақ тілі мен әдебиеті пәні бірлестігінің ұйымдастыруымен мерекелік іс-шара өткізілді.

11-қыркүйек күні отбасы күніне орай би үйірме жетекшісі Қарағұлова Маржанның ұйымдастыруымен «Отбасы – тәрбиенің алтын бесігі» челленджі, 17 – қыркүйек күні аналар күніне орай хор үйірме жетекшісі Ешниязова Гүлзада үйірме мүшелерімен «Ана-өмір шуағы» тақырыбында мерекелік құттықтау, 27 – қыркүйек күні үйірме жұмыстарын насихаттау мақсатында «Үйірменің үйретері» тақырыбында ата-аналар жиналысы, 30 – қыркүйек күні педагог безендіруші Әлайдарова Айсара мен костюмер Балтабаева Жаннаның ұйымдастыруымен «Еңбек түбі береке» тақырыбында қолөнер жұмыстарынан көрме, қазан айының 1-күні бастауыш кәсіподақ ұйымының төрайымы А.Балмаханова мен тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлармен біріккен «Қарттарым – асыл қазынам» тақырыбындағы іс-шара, 4-қазан күні домбыра үйірме жетекшісі С.Нарманова үйірме мүшелерімен «Даналық ұстаздан» мұғалімдер күніне арналған челлендж, 18 – қазан күні қосымша білім беру педагогтері білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру мақсатында ұлттық спорттық

ойындардан іс-шара, 23-қазан күні республика күніне арналған «Республикам-мақтанышым» мерекелік іс-шара ұйымдастырып, өткізілді.

Сонымен қатар үйірме мүшелері қалалық, облыстық, онлайн республикалық іс-шаралар мен байқауларға қатысып, жүлделі оралды.

Атай кетсек, «Жас домбырашылар» үйірме мүшелері қыркүйек айында Облыстық мемлекеттік архивінің ұйымдастыруымен «Архив және болашақ ұрпақ» республикалық жобасы аясында облыстық ашық есік күнінде,

23-қазан күні Республика күніне орай ұйымдастырылған «Тұғыры биік, менің елім Қазақстан» тақырыбындағы жас ақындар арасындағы облыстық патриоттық жыр байқауында өз өнерлерін көрсетіп, алғыспен марапатталды.

22-қазан күні Қызылорда қалалық білім бөлімі жанындағы ардагер ұстаздардың қоғамдық бірлестігінің семинарында «Жас дарын», «Көркем-ай» би үйірме мүшелері өз өнерлерін көрсетіп, көрерменнің ыстық ықыласына бөленді.

Қазан айында Дүйсенов Жарқын Елеусінұлын еске алуға арналған № 1 Облыстық олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер мектебінің еркін күрестен ашық біріншілігінде еркін күрес үйірме мүшелері Айдарбекұлы Ернар - II орынды, Жандосұлы Айдын, Нұрланұлы Мансұр, Ибрагим Илияс - III орынды иеленіп, марапатталды.

16-қазан күні Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының ұйымдастыруымен өткен «Мен зорлық-зомбылыққа қарсымын» тақырыбындағы сурет байқауында «Қылқалам шеберлері» үйірме мүшелері Жұмаханова Инабат - II орынмен, Балтабек Ғазиза - Алғыспен марапатталса, 18-қазан күні Қалалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен өткен «Менің сүйікті қалам - Қызылорда!» тақырыбындағы қалалық сурет байқауында Рафаэль Жансая - III орынды, Мырзахмет Балауса - III орынды, Ш.Қалдаяқовтың шығармашылығына арналған «Ән аға» байқауында хор үйірме мүшесі мырзатай Нұрай жетекшісімен бірге Қалалық білім бөлімінің Алғысын иеленді.

Онлайн республикалық өнер байқауларында хор үйірме мүшелері Ұзақбай Айсұлтан «Алтын күз» байқауының ән номинациясы бойынша қатысып

I дәрежелі дипломмен, Ақбала Анель - «Ұстазым-ұлағатым» байқауының эстрадалық вокал номинациясы бойынша II дәрежелі дипломмен марапатталды.

Жеңіске жеткен оқушыларымызды, ұстаздарымызды мектеп-лицей директоры қабылдап, жүлделі марапаттарымен құттықтады және қосымша білім беру орталығының Instagram желісіне, мектеп-лицейіміздің Facebook парақшасына жарияланды.

Қосымша білім беру орталығының меңгерушісі:  М.Рахметова